

*Бал-аіум
ұйымы*

«Bal-aіum» бөбекжай бақшасы

«Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік»



Тәрбиешілер: Бейсова Г
Урестемова С

2024-2025 оку жылы

Берілген шығарма
J. Ернаулов

Такырыбы: «Ұстаз аты биік, арі мәңгілік»

Мақсаты:

1. 1 Ұстаздар күніне арнаган мерекені насаихаттау
1. 2 Өз ойларын жеткізе білуге баулу, тақпақ, өлеңдерді мәнерлелі оқыту арқылы есте сактау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілік: шарлар, жалаушалар, суреттер.

«Мектеп - білім тірегі, ұстаз - оның жүргегі»

Алдын ала орындалатын жұмыс: Ашық хаттар дайындау.

Әнұран ойнатылады.

Жылулық шеңбері: Балалар шеңберге тұрып

Қайырлы таң алтын күн, Қайырлы таң жер ана

Қайырлы таң достарым, Сендерді көрсем қуанам!

Қуанамын менде, қуанасың сенде,

Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге.

Бұгінгі күніміз сәтті өтсін! - деп

жылулық шеңберін жасайды.

Топтан ортага жарып шығып

Әлімжан: Кел, балалар,

Ән салайық

Ұлағатты Ұстаздар күнін

Қуанышпан қарсы алайық

Аида: Балалардың бақшасында бүгін той,

Ұстаздардың күні бүгін біліп қой.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар балалар, міне бүгін «Ақ бота» шағын орталығының «Бал бала» тобында Ұстаздар күніне арнаган құттықтау кешімізді бастайық. Ұстаздарға төл мерекелеріңіз құтты болсын, көнілдеріңіз ашық аспан сияқты таза болсын, Бұгінгі ел басқарған азаматтар, білім алған сіздердің арқаңызыда.

Аршат: Тақпақ айтып, кезектесіп, бір бірлеп

Кел қосылып ән шырқайық би билеп

Қарақат: Қашанда елгезек,

Ұстаздар сияқты.

Әсемін мен де өжет

Бала боп ұтты.

Мұса: Болды кезім мақтаған

Болды кезім ұқпаған

Болды кезім ұстаздың

Ойынан дәл шықпаған.

Тәрбиеші: балалар өнерлеріңе тәнтіміз. Осы ұстаз деген - кімдерге сабак берген. Әншіге де, жыршыға да, жүгізушіге де, президентке де, бишіге де сабак берген. Әрбір маман иесі осы Ұлы ұстаздың алдынан өткен. Қане тағы қандай өнерлерің бар.

Би Қара жорға

Іңкәр: Ұстаздардың анасы

Балалардың панаы

Ұстаздардың сүйеміз

Әдеппен бас иеміз.

Айғаным: балалар апайымыз бізге не үйретті айтып берейік.

Хормен: Бала бала баламыз

Бакшамызга барамыз

Күні бойы қызыққа

Батамызда қаламыз.

Санамақ

Кел санайық санамақ,

Саусақтарды даярлап.

Бас бармағым алғашқы,

Балан үйрек жалғасы.

Ортан терек кезекші,

Шылдыр шұмек көмекші.

Шынашағам балапан,

Бәріне ортақ алақан

Асылым: Халқым жетсін мұратқа,

Ұстаздарды ардақта

Тәрбие жолын бастағын,

Ұстаз деген асқақ ән.

Айым: Адал жақсы ниетпен

Бар ұстазға бақ тілең

Жарып шыққан жүректі

Сөздің бәрі ақ тілек.

Білімнің бұлағы

Ардақты мұғалім,

Білімнің – бұлағым.

Таусылмас сен жайлы,

Тасқынды жыр әнім.

Қанатым талмайды,

Киялым самгайды.

Ақын да, ғалым да,

Ұстазсыз болмайды.

Мереке күніңмен,

Құттықтап бүгін мен.

Ойыма ой қосам,

Сен берген біліммен.

Қортынды:

Балалар бүгінгі күн – қандай мереке екен?

Ұстаздар кімге сабак берген?

Балдырганның көріп шаттық жүзінен.

Мейіріммен шапағым боп тізілген

Кеше ғана менде шәкірт болып ем,

Келем бүгін ұстаздардың ізімен – дей келе сөз кезегін ұстаздарға берейік.

